

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телерадио хабарларын тарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1234 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телерадио хабарларын тарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телерадио хабарларын тарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., №

6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 342-1-баппен толықтырылсын:

«342-1-бап. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы
з а ң н а м а с ы н б ұ з у

1. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын
т е л е - , р а д и о к о м п а н и я л а р :

отандық теле-, радиоарналардың отандық теле-, радиобағдарламаларды бекітілген
п а й ы з д ы қ н о р м а л а р д а н к е м т а р а т у ;

телеарнада телебағдарламаларды сурдоаудармамен немесе субтитр түріндегі
а у д а р м а м е н қ а м т а м а с ы з е т п е й т а р а т у ;

кадр алаңының 15 пайызынан асатын қосымша ақпаратты телеарнада тарату
т ү р і н д е б ұ з ғ а н ж а ғ д а й д а -

дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан
елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе
коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүзден бір жүз
елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды
тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

дара кәсіпкерлерге, лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір
жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе

коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын телерадио хабарларын тарату операторларының ғимараттың және/немесе ғимараттардың меншік иелерінің жазбаша келісімінсіз ұжымдық қабылдау жүйесін ұйымдастыру; телерадио хабарларын тарату операторларының міндетті теле-, радиоарналарды таратпауы;

телерадио хабарларын тарату операторларының құқық иеленуші теле-, радиокомпаниялармен шарттар жасаспай теле-, радиоарналарын таратуы түріндегі бұзуы;

телерадио хабарларын тарату операторларының теле-, радиоарналарды ретрансляциялау шарттарын бұзуы -

дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер -

дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасын теле-, радиокомпаниялардың және телерадио хабарларын тарату операторларының жергілікті уақыт бойынша 06.00-ден 22.00-ге дейін «Е 18» индексіндегі телебағдарламаларды тарату;

бейбіт уақыттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына қауіп және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау мүддесінде халықты хабардар ету сигналын теле-, радиокомпаниялар және телерадио хабарларын тарату операторларының 15 минут ішінде уақытылы таратпауы;

телерадио хабарларын таратудың сәйкестікті растау рәсімінен өтпеген техникалық құралдарын пайдалану;

жерүсті жерсеріктік жеке қабылдау құрылғылары арқылы радиотаратқыш және (немесе) радиоқабылдағыш байланыс құралдарына бөгеуіл жасау;

уәкілетті органда есепке қойылмаған шетелдік теле-, радиоарналарды телерадио хабарларын таратушы операторларының таратуы дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 541-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мамандандырылған аудандық және соларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары осы баптың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 79-1, 79-3, 79-4, 79-5, 79-6, 80-84, 85 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 85-1 (екінші бөлігінде), 85-2 (екінші бөлігінде), 85-3, 86, 86-1, 87-2, 87-3, 87-4, 95 – 110-1, 124 (бірінші бөлігінде), 127, 129, 130, 136 – 136-2, 140 (екінші бөлігінде), 141-1, 143, 143-1, 144-1, 145, 146-1, 147, 147-1 (екінші бөлігінде), 147-10 (екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші бөліктерінде), 151, 151-1, 153, 154, 154-1, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 155-2, 156, 157, 157-1, 158, 158-3, 158-4, 158-5, 159, 161 (бірінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 162, 163 (үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы бөліктерінде), 163-2, 163-3, 163-4, 163-6, 165, 167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 168-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 168-3, 175 (екінші бөлігінде) (жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, аудиторлар және аудиторлық ұйымдар жасаған құқық бұзушылық бөлігінде), 176 (бірінші бөлігінде), 177-3, 177-4, 177-5, 179, 179-1, 183, 184, 184-1, 185, 188 (екінші бөлігінде), 190, 192, 194, 200, 202, 203, 213 (төртінші – алтыншы бөліктерінде), 214, 218-1 (жетінші бөлігінде), 222 – 229, 231 (екінші бөлігінде), 232, 233, 234-1, 235 (екінші бөлігінде), 237, 237 – 1, 246 (екінші бөлігінде), 275-1, 278 (бірінші бөлігінде), 283 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде) 298-1 (екінші бөлігінде), 302 (үшінші бөлігінде), 303 (екінші бөлігінде), 304 (екінші бөлігінде), 305 (екінші бөлігінде), 306 (екінші бөлігінде), 306-1 (үшінші бөлігінде), 306-2, 308, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктерінде), 309-2 (төртінші бөлігінде), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктерінде), 311-1 (жетінші бөлігінде), 312-1, 314, 315, 316, 317 (екінші және үшінші бөліктерінде), 317-1, 317-2, 318, 319, 319-1, 320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде), 321, 322 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 323 (

екінші бөлігінде), 324 (екінші және үшінші бөліктерінде), 324-1, 326, 327 (бірінші бөлігінде), 328, 330, 330-1 (екінші бөлігінде), 332 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 335, 336 (үшінші бөлігінде), 336-1 (үшінші бөлігінде), 336-2 (үшінші бөлігінде), 338 (бірінші бөлігінде), 338-1, 339, 340, 342-344, 342-1, 346-357, 357-1, 357-2 (екінші бөлігінде), 357-3, 357-4, 357-6, 359, 361, 362, 362-1, 363, 365, 366, 368, 368-1, 369 (екінші бөлігінде), 370 (екінші бөлігінде), 371 (екінші бөлігінде), 372-376, 381-1, 386 (үшінші бөлігінде), 388, 390 (екінші бөлігінде), 391 (екінші бөлігінде), 391-1 (екінші және үшінші бөліктерінде), 393, 394 (екінші бөлігінде), 394-1, 396 (екінші бөлігінде), 400-1, 400-2, 405 (бірінші бөлігінде), 409, 410, 413, 413-1, 413-2, 414, 415, 417, 417-1, 418, 421, 423, 424, 425-1, 426 – 430, 433, 442, 443 (бесінші бөлігінде), 445, 446 (екінші бөлігінде), 446-1, 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші – үшінші бөліктерінде), 461 (3-1-бөлігінде), 463-3 (бесінші бөлігінде), 464-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 465 (екінші бөлігінде), 466 (екінші бөлігінде), 467, 468 (бірінші және екінші бөліктерінде), 468-1, 468-2, 469, 471 (1-1, 1-2 және екінші бөліктерінде), 473 (үшінші бөлігінде), 474-1, 477 (үшінші бөлігінде), 484, 492 (екінші бөлігінде), 494 (екінші бөлігінде), 494-1 (үшінші және бесінші бөліктерінде), 496 (екінші бөлігінде), 501, 512-1 – 512-5, 513 – 518, 520 – 537-1-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.»;

3) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында: отыз алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«заңнамаға сәйкес лицензиарлар болып табылатын органдардың (87-2, 140 (екінші бөлігі), 192, 193, 196, 231 (екінші бөлігі), 232, 233, 235 (екінші бөлігі), 237, 302 (үшінші бөлігі), 342 (екінші бөлігі), 342-1 (бесінші бөліктің төртінші, бесінші, алтыншы абзацтары), 343 (бірінші бөлігі), 356, 356-1, 357-1, 357-2 (екінші бөлігі), 357-3, 357-5, 477 (үшінші бөлігі)-баптар);»;

елу төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті атқарушы органдардың (облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) (127, 163-6, 165, 237-1, 309-1 (жетінші, сегізінші бөліктері), 309-4 (сегізінші, тоғызыншы бөліктері), 342, 342-1 (бірінші, үшінші бөлік, бесінші бөліктің бірінші, екіншінің абзацтары), 343, 357-2 (екінші бөлігі), 346-352-баптар);»;

4) 637-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Прокурор осы Кодекстің 80 – 87, 89 – 110-1, 151, 158-5, 334-1, 342 – 344, 342-1, 346 – 352, 353, 356-1, 356-2, 357-3, 366, 375, 381-1, 513, 516-1, 521-1, 531, 537-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жөнінде қаулы шығарды.».

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат

; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 455-баптың 1) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Теле-, радиоарнаны, мерзімді баспа басылымын және ақпарат агенттігін мемлекеттік тіркегені (есепке қойғаны);»;

2) 4 5 6 - б а п т а :

к е с т е д е :

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Теле-, радиоарнаны, мерзімдік баспа басылымы мен ақпарат агенттігін мемлекеттік тіркегені (есепке қойғаны) үшін:»;

3) 4 7 3 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Аналогтік сигнал арқылы қызметті жүзеге асырылатын телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым (бұдан әрі – алым) байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат (рұқсат телнұсқасын) (бұдан әрі – рұқсат) берген кезде а л ы н а д ы . » ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды қамтамасыз ету мақсатында ұлттық телерадиохабарлар тарату операторына жиіліктер жолақтары, радиожиліктер (радиожилік арналары) конкурс өткізбей бөлінеді.»;

4) 512-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды қамтамасыз ету мақсатында ұлттық телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторына радиожилік номиналдары конкурс

ө т к і з б е й

б ө л і н е д і . » ;

5) 513-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен радиожіілік спектрін, оның ішінде эфирлік цифрлық телерадио хабарларын тарату ұйымы үшін пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

6) 514-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жылдық төлемақы ставкалары республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салық кезеңінің бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы баптың мәтіні бойынша – АЕК) мөлшеріне негізделе отырып, радио байланысының түріне, пайдаланылатын жиіліктердің номиналдарына (диапазон жолдарына), радиоұзартқыштар жинақтамасына, пайдалану аумағына, сондай-ақ байланыс қызметтері ұсынылатын, халықтың санына, сондай-ақ радиоэлектрондық жолдаушы құралдың қуатына қарай айқындалады.

2. Радиобайланыстың мына түрлеріне төлемақының жылдық ставкалары мынаны құрайды:

P/c №	Радиобайланыс түрлері	Пайдалану аумағы	Төлемақы ставкасы (АЕК)
1	2	3	4
1.	Дербес радиошақыру радиожүйелері (ені 25 кГц жиілік белгіленгені үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	10
2.	Транкинг байланысы (қабылдауға ені 25 кГц/ беруге 25 кГц радиоарна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	140
2)		50 мың адамнан астам халқы бар елді мекен	80
3)		басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ)	10
3.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (қабылдауға ені 25 кГц/ қабылдауға 25 кГц дуплексті арна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	80
2)		50 мың адамнан астам халқы бар елді мекен	60
3)		басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ)	15
4.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (ені 25 кГц симплексті арна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	30
2)		50 мың адамнан астам халқы бар елді мекен	20

3)		басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ)	10
5.	ҚТ-байланыс (бір жиілік белгіленгені үшін) таратқыштың шығу қуаты: - 50 Вт - қ а д е й і н ; - 50 Вт-тан астам	облыс, Астана, Алматы қалалары	1 0 20
6.	Радиоұзартқыштар (арна үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2
7.	Ұялы байланыс (қабылдауға ені 200 кГц/беруге 200 кГц жиілік белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	1100
7.1	Үшінші жаңартылымдағы ұялы байланыс және төртінші жаңартылымдағы ұтқыр байланыс (қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц радиожіілік белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2200
8.	Жаһандық дербес жылжымалы жерсеріктік байланыс жүйесі (қабылдауға ені 100 кГц/ беруге 100 кГц жиіліктердің дуплексті белдеуі үшін)	Қазақстан Республикасы	20
9.	HUB – технологиялы спутниктік байланыс (HUB-қа пайдаланылатын қабылдауға ені 100 кГц/ беруге 100 кГц белдеуі үшін)	Қазақстан Республикасы	30
10.	HUB-технологиясынсыз спутниктік байланыс (бір станция пайдаланатын жиіліктер үшін)	Қазақстан Республикасы	100
11.	Радиорелелі желілер (бір аралықтағы дуплексті арна үшін):		
1)	жергілікті	аудан, қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ	40
2)	аймақтық және магистральдық	Қазақстан Республикасы	10
12.	Сымсыз радиоға қол жетімділік желілері (қабылдауға ені 25 кГц/ беруге 25 кГц дуплексті арна үшін)		
1)		50 мың адамнан астам халқы бар елді мекен	25
2)		басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ)	2
13.	КБС-технологиясы пайдаланылған жағдайда сымсыз радиоға қол жетімділік желілері (қабылдауға ені 2МГц/беруге 2МГц дуплексті арна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	140
2)		50 мыңнан астам халқы бар елді мекен	70
3)		басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ)	5

14.	Эфирлік-кәбілдік телевизия (8 МГц жиілік белдеуі үшін)		
1)		200 мың адамнан астам халқы бар елді мекен	300
2)		50 мыңнан 200 мың адамға дейін халқы бар елді мекен	135
3)		50 мыңға дейін халқы бар аудандық маңызы бар қала, аудан	45
4)		басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ)	5
15.	Теңіздегі радиобайланыс (радиомодем, жағалаулық байланыс, телеметрия, радиолокациялық және т.б.), бір радиоарна үшін	облыс	10

3. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға төлемақының жылдық ставкалары мынаны құрайды:

Р/с №	Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиіліктер диапазоны	Пайдалану аумағы	Төлемақы ставкасы (АЕК)
1.	Телевизия/метрлік жиілік диапазоны		
1)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 50 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	81
		облыс	15
2)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 250 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	361
		облыс	65
3)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 500 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	957
		облыс	174
4)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	1353
		облыс	245
5)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-дан жоғары	Астана, Алматы қалалары	2344
		облыс	425
2.	Телевизия/дециметрлік жиілік диапазоны		
1)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 50 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	51
		облыс	9
2)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 250 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	228
		облыс	41
3)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 500 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	605
		облыс	110
4)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-ға дейінгіні қоса алғанда	Астана, Алматы қалалары	855
		облыс	155
5)	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-дан жоғары	Астана, Алматы қалалары	1481
		облыс	269

4. Мерзімі алты айға дейін қоса қамтылатын тәжірибелік пайдалану, жарыстар, көрмелер және өзге де іс-шаралар өткізу кезеңінде радиожіілік спектрін пайдаланған кезде төлемақы радиобайланыс түріне, радиожіілік спектрін пайдалану аумағына және

таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына қарай, оны нақты пайдалану мерзіміне сәйкес мөлшерде, бірақ төлемақының жылдық ставкасының кемінде 1/12 мөлшерінде белгіленеді.

Ені осы баптың ставкаларында көрсетілгеннен өзге дуплексті арна белдеуін пайдаланатын технологияларды қолданған жағдайда, төлемақы ставкалары төлеуші нақты пайдаланатын дуплексті арна белдеуі енінің үлес салмағының осы баптың ставкаларында көрсетілген дуплексті арна белдеуінің еніне ара қатынасы негізге алына отырып айқындалады.

Кең белдеулі сигнал (КБС) технологиясын пайдалану кезінде төлемақы ені қабылдауға 2 МГц/беруге 2 МГц белдеу үшін алынады.»;

7) 515-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төлемақы сомасын байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат құжаттарында көрсетілген техникалық өлшемдерге, соның ішінде таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына сәйкес радио байланысының түрі мен радиожилік спектрін пайдалану аумағына қарай жылдық төлемақы ставкаларының негізінде есептейді.».

3. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат):

2-бап мынадай мазмұндағы 45-1) тармақшамен толықтырылсын:

«45-1) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдары – туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы қамтитын теле-, радиоарналарды, теле-, радиобағдарламаларды (теле-, радио хабарлары) эфирге және/немесе кәбіл арқылы хабарлауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар. Эфирге және/немесе кәбіл арқылы хабарлау аналогтік эфирлік, көпарналы хабар тарату (цифрлық эфирлік, жерсеріктік, кәбілдік телерадио хабарларын тарату) арқылы жүзеге асырылады;».

4. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

18-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы

мақсатында, олардың меншік нысанына қарамастан, теле-, радиоарналар арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі теле-, радиобағдарламалардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі теле-, радиобағдарламалардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.
»

5. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 - б а п т а :

2), 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны;»;

«4) теле-, радио, кино хроникалық бағдарламасы – тиісті атауы, хабар тарату көлемі бар және теле-, радиоарнаның басқа бөліктеріне қарамастан пайдаланылуы мүмкін теле-, радиоарнаның мазмұнды аяқталған бөлігі;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және/немесе ретрансляциялау үшін хабар тарату торына сәйкес қалыптастырылған теле-, радиобағдарламалар мен дыбыс-бейне туындыларының, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын білдіретін б ұ қ а р а л ы қ а қ п а р а т құ р а л ы ; » ;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) эротикалық сипаттағы өнім – гениталийлерді қоспағанда, адамдардың жыныстық қатынастарын, адам денесінің ұятты тұстарын көрсететін және порнография элементтерін қамтымайтын баспа басылымы немесе теле-, радиобағдарлама;»;

16) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

«18-1) порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы кино, видеоөнім – моральдық құндылықтарға сәйкес келмейтін, адамның ары мен ожданын қорлайтын жыныстық қатынасты табиғи, егжей-тегжейлі фиксациялау не жыныстық әуестіктің қозуын немесе жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ететін жыныстық қатынас үдерісіндегі жалаңаш гениталийлерді көрсету;».

2) 3-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

3) 4-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.»;

4) 4 - 2 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;»;

3) тармақша алып тасталсын;

5) 4 - 3 - б а п т а :

3), 4), 5), 6) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізеді;»;

6) 4 - 4 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарын есепке алуды жүзеге асырады;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) уәкілетті органға мерзімді баспа басылымдарын есепке алу жөніндегі ақпаратты , сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау жөніндегі мәліметтерді т а б ы с е т е д і . » ;

7) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар бұқаралық ақпарат құралын құруға құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралы заңды тұлға нысанында да, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі нысанында да құрылуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдары өнімін шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асыруға , ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға теле-, радиоарнасын, мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік негіздеме болып табылады.

Бұл талаптар интернет-ресурстарға қолданылмайды.»;

8) 12-баптың бесінші абзацы алып тасталсын;

9) 13-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тоқтата тұру деп басылымдардың бір немесе бірнеше нөмірінің шығарылуын, теле-, радиобағдарламаларының, теле-, радиоарналардың эфирге шығуын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды уақытша тоқтату түсініледі. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата

тұруға үш айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерді көрсету, бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, тосқауылдар мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану, сондай-ақ осы Заңның 3-бабында, 10-бабының 6-тармағында көзделген талаптарды бұзу, сондай-ақ 14-бабының 3-1-тармағының, 15 және 16-баптарының талаптарын бір жыл ішінде қайталап бұзу заңда белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады.»;

10) 14-баптың 2-тармағының екінші бөлігі, 3-1-тармағы алып тасталсын;

11) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Мерзімді басылымдардың міндетті даналары мен теле-, радиобағдарламалар материалдарын сақтау

1. Мерзімді басылымдардың міндетті тегін даналарын, соның ішінде осы Заңның 12-бабына орай есепке қоюдан босатылғандарын олар әзірленген күні бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі немесе оның тапсыруы бойынша үшінші тұлға Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына, Ұлттық кітапханаға, Қазақстан Республикасы Парламентінің кітапханасына, уәкілетті органға жібереді.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының (теле-, радиоарналардың) редакциялары өздерінің эфирге шығарылған теле-, радиобағдарламаларының жазбаларын бір ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өздерінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында көрсетуге және оны соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті. Тарихи немесе мәдени жағынан құнды жазбалар уәкілетті орган айқындайтын т ә р т і п п е н с а қ т а л а д ы . » .

6. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 24, 1065-құжат; 2003 ж., № 15, 129-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22

-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 77-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Журналистердің және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өкілдерінің спорт жарыстарын және басқа да спорт шараларын теле-, радиоарналар арқылы таратуы, сондай-ақ жазып алуы, оның ішінде спорт жарыстарын және басқа да спорт шараларын дыбыс-бейне жазу техникасы, киноға және суретке түсіру құралдарын пайдалана отырып жазып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»

7. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жарнама таратушы – мүлікті, соның ішінде телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын беру және (немесе) пайдалану жолымен және өзге де тәсілдермен жарнамалық ақпаратты тарату мен орналастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Теле-, радиоарналардағы жарнама

1. Жарнама сипатындағы хабарламалар мен материалдарға мамандандырылмаған теле-, радиоарналардағы жарнама, жүгіртпе жолды қоспағанда, тәулік ішінде берілетін

хабарлардың жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспауы тиіс.

Жарнаманы трансляциялау кезінде оның дыбысы трансляцияланатын бағдарлама дыбысынан жоғары болмауға тиіс.

2. Жарнаманы қосарластыру түрінде, соның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен пайдалану кезінде оның көлемі кадр аумағының жеті жарым пайызынан аспауы және теле-, бағдарламалардағы мәтіндік немесе ақпараттық материалды бұзбауы тиіс.

3. Ресми хабарларды, Қазақстан Республикасының Президентіне және өкілді органдардың депутаттығына кандидаттардың сөздерін, білім беру және діни телебағдарламалардың трансляциясын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған жарнамаларды қоспағанда, балалар телебағдарламалары көрсетілімдерін жарнамамен, соның ішінде жүгіртпе жол тәсілімен де бөлуге тыйым салынады.

4. Ұлттық аза тұту күндерінде теле-, радиоарналарында жарнамаға тыйым салынады. » .

8. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 2-баптың 45) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«45) трансляция – телекоммуникациялардың техникалық құралдарын қолдану арқылы теле-, радиоарналардың сигналын бастапқы тарату»;»;

2) 7-баптың 14-3) және 14-4) тармақшалары алып тасталсын;

3) 8-баптың 19-5) тармақтары алып тасталсын;

4) 12-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды қамтамасыз ету мақсатында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторына жиіліктер жолақтары, радиожиіліктер (радиожиілік арналары) конкурс өткізбей бөлінеді.»;

- 5) 19-бап алып тасталсын;
6) 21-баптың 10, 11-тармақтары алып тасталсын.

9. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 - б а п т а :

1-1), 1-2), 1-3), 1-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) фильмді дубльдеу – әрекет ететін адамдардың буындық артикуляциясына сай келетін аударма жолымен фильмнің дыбыстық қатарының тілдік бөлігін синхронды түрде жасаудан тұратын шығармашылық және өндірістік қызмет;

1-2) кинематографиялық ұйым – қызметінің негізгі түрлері фильм және (немесе) киношежіре шығару, фильмді прокаттау, фильмді көрсету, фильмді қалпына келтіру, кинозалға техникалық қызмет көрсету, киноматериалдарды дайындау, фильм шығару жөніндегі жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету, кинематография саласындағы білім беру, ғылыми, зерттеу, баспа, жарнамалық-насихаттау қызметі, фильмді, фильмнің және (немесе) киношежіренің бастапқы материалдарын сақтау болып табылатын заңды тұлға;

1-3) киношежіре – уақытын, орынның, мән-жайдың өзіндік (көбінесе өткен шақтағы) ерекшеліктерін сипаттайтын және келешекте фильм шығаруға арналған деректі сюжеттердің түсірілімдері;

1-4) көркем құндылықтар – шығармашылық қызмет нәтижесінде жасалған мәдениет, әдебиет және өнер туындылары;»;

16-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16-4) фильмді прокаттау – көпшілікке көрсету (демонстрациялау), телеарналарда (шетелдік телеарналарды қоспағанда) тарату, жалға беру, сондай-ақ өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған тәсілмен фильмді тарату;»;

2) 28-3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «НА» индексі бар фильмді жариялы көрсетілім (демонстрация) жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін осы мақсаттарға арналған кинозалдар мен басқа орындарда көрсетуге жол беріледі.»;

Телеарналарда (шетелдік телеарналарды қоспағанда) «E18» индексі бар фильмді

жергілікті уақытпен сағат 22-ден кейін таңғы сағат 06-ға дейін, «НА» индексі бойынша жергілікті уақытпен сағат нөлден таңғы сағат 06-ға дейін көрсетуге жол беріледі.»;

3) 28-4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Прокаттау мақсатында шетел телеарналарынан ретрансляцияланған фильмдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін (жеткізілетін) барлық фильмдер 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қазақ тілінде дубляж жасалуға тиіс.».

10. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 30 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«24-бап. Телерадиохабарларын тарату саласындағы лицензиялау Теле-, радиоарналарын тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияның б о л у ы т а л а п е т і л е д і . » .

11. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; 2011 жылғы 13 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

Заңға қосымшаның 1-тармағы мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«49-1) телерадио хабарларын тарату саласында;».

2-бап. Осы Заң 1-баптың 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК